

Мұхтар Мағауин

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ СҰЛУ

Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын. Сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды. Адал жар, абзал ана. Ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа күт. Ердің мақтаны, елдің көркі.

Ежелгі эпостағы Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжұніс пен Назым. Шежірелі тарихтағы Домалақ-ене мен Қыз-ене, Айша-бібі мен Абақ-ана. Таңбалы тарихтағы Қасым ханның анасы Жаған-бике, Тәуекел ханның, Есім ханның аналары Жақсы-бике, Абайдың анасы Ұлжан, арыдағы, Алаштың тұлғасы болған тағы қаншама алыпты туғызған, есімдері сақталмаған әулие аналар, берідегі ел билеген Айғаным мен қол бастаған Бопай – қазақ әйелінің асқақ әрі нақты көрінісі. Сондай болдық. Құні кешеге дейін. Өзім көзben көрген қазақ әйелінің ең үздік ұлгісі, ең жарқын бейнесі – Ұлken Әжем еді (менде екі Әже болды). Бесіктен алыш каз тұрғызды, әлпештеп өсірді, мейір-шапағатын аямады, бір маған деген ықыласы жарым дүниені жылытуға жетер еді. Шынында да, маған ғана Ана емес, қаншама жетімге пана болыпты, ізгілігі алыс-жақынға бірдей аңыз екен. Мениң Әжем. Сол кездегі басқа әжелер, басқа аналар... Әркім есіне түсірсін. Бәрі де ғажайып еді ғой. Өз әжем, өз анам болғандықтан деп ойламаңыз. Ақиқат шыны солай. Сіздің әжеңіз, сіздің анаңыз ең алдымен Қазақ еді. Қазақ Әйелі. Бар жақсылық осы жалғыз сөздің аясына сияды.

Бүгінге келсек... Бүгінгі қазақ әйелінің бойынан өткендерігі әжелерімізге тән асыл қасиеттердің бәрі бірдей табыла қоймайды. Бірақ тақи-таза мақрұм емес. Бүгінгі қазақ әйелі – жалпы жұрт, ер-азаматтарымыз сияқты, ең алдымен отарлық заман перзенті. Отарлық сана, жат, үстем жүрттың жағымсыз мінездері, бөтен ғұрып, теріс ұғым, жаңсақ көзқарас олардың да бойын шырмаған. Бүкіл қауымға ортақ кінәрат. Әйел – ұлттың айнасы, сондықтан айқынырақ көрінеді. Сонымен катар, қазақ әйелінің ұлттымызға тән қайрат пен еңбек, қайсарлық пен шыдам, ізгілік пен жанашырлық сияқты абзал қасиеттерді көбірек сақтағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұған жалғыз-ақ мысал – жабайы нарық қысып, жаппай жұмыссыздық жайлаған, ер-азаматтар сенделіп бос қалған, есендірегені – балаларының нандық ақшасын араққа салып, “еті тірілері” жаппай ұрлыққа бет қойған заманда әйелдеріміздің тұрмыстың барлық тауқыметін көтеріп, отбасын жалғыз өзі асырауға айналғаны. Жаугершілік, шапқын күндерінде де қазақ әйеліне мұншама ауыр салмақ түспеген еді. Ал біздің ерлеріміз, балпылдан бос жүріп, сол Әйелге кінә қойғысы келеді. Қазақ осы жолғы жұттан аман шықса, бұл – ең алдымен қазақ әйелінің арқасы болмақ.

Шаңырақтан тыс тілегі жоқ, бала-шагадан басқа мұраты жоқ қазақ әйелі бейнетten құтылар, бет-әлпетін айқындар күн де көп күткізбес, соның жақсы жоралғысы – бүгінгі, жас қыздарымыз.

Қазіргі қазақ қызы осы заманғы қым-қиғаш өмірдің барлық саласына еркін араласып, тұрмыстаған емес, әлеуметтік орта, қоғамдық құрылым өрісінде де елеулі орын алмақ ынғайын танытып отыр. Совет заманындағы “үшінші хатшы – әйел болсын”, “әйел затынан бір-екі депутат” дәстүрі арқылы емес, еректермен тепе-тең тартыс, баламалы бәйге нәтижесінде. Жаңа тұрпатты, әрқылды сыппаттағы үлкендерінде көрсіз. Бір кездегі орыс тілі сияқты, тұрмыс-тіршілік үшін аса қажетті құралға айналған шет тілдерін де қыздарымыз алдымен игерді. Қолғанат, қызметкер ғана емес, өздері бастап кіріскең іскер қыздарымыз бар. Журналистикада, ғылым мен өнер саласында, мемлекеттік әртүрлі мекемелерде бой көрсетіп жүрген қыздарымыздың ой-санасы, қабілет-дәрежесі бұрынғыдан басқаша. Ең аяғы, оқу емес, шоқу мұрат болған заманда білім жолынан айнымаған қауым – тағы да осы нәзік жыныс. Өзіміз үкілеп өсірген қыз балалар әзірше үлкен мәртебеге ілінген жок, жастары жетпей, үлгермей жатыр; бұлардың үлесі – алдағы XXI ғасырда.

Жаңа ғасыр, жаңа заманда қазақ ұлысының құт-берекесі, ошақ ұйтқысы, абзал анасы болуға тиіс қыздарымыздың баба қанымен дарыған ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, әдел-мінезі туралы таң-тамаша әңгіме – болашақ жазармандар үлесінде. Орайы келген соң ұшығын шығардық, әйтпесе біздің сөз – ақыл мен мінез турасында емес, Сұлулық турасында еді. Алдыңғы кезекте айтпасқа болмайды. Өйткені әлемдегі әйел затының аруы – қазақ қызы.

Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі. Бірақ осыны қазақтың өзі біле ме еken? Білген. Абай заманында. Мағжан заманында. Тіпті, біздің әке, агаларымыздың тұсында. “Айттым сәлем, қалам қас” кімге арналды, “желсіз түнде жарық ай” кіммен табыстырып еді, “шолпысының сылдыры” жүректі жандырған кім, “қара шашы мойынға оралып”, жанжүйені еріткен кім – “жүзінен күн шұғыласы көрінген” қазақ аруы болатын.

Ал қазір... жаңа заман, жаңа салт-дәстүр, жанаша бой түзеу, жаңаша киім үлгілері... қазақ қызы бұрынғыдан да сұлу көрінеді маған. Бұл өзгеше жағдайға алғаш рет біздің әйел – алты баланың анасы, қаншама немеренің әжесі болып отырған біздің бәйбіше назар аударған еді, теледидар қарап отырып: “Қазіргі қыздар қандай әдемі! – деді. – Бәрі де сұлу”. Өзінен өткен, үрпағына жеткен. Қызғаныш емес, сүйініш. Мен де таңырқай қарап қалыптын. Кейінгі балаларға көз тоқтатпаған екем.

Содан көп ұзамай, Баянауылға жол түсті – жаңа ғана жүртімен қайта табысқан Жүсілбек Аймауытовтың жүз жылдық тойы – тамыз, 1989. Табанымыз жерге тиген сәтте бізге – сыйлы қонақтарға гүл тапсырылды – бесетек торғын көйлек, оқалы қызыл қамзол, үкілі бөрік киген жас қыздар. Еріндері алаулаған, көздері боталаған, жүздерінен нұр төгілген, үлбіреген өңшең сұлу. Бізге гүл тапсырғаннан соң, қымсына толқып, топтанып тұрғанда сүйсіне, тамашалай көз салдым, он бес пен он жеті аралығындағы уылжыған жас балалар, бәрі де пәк періште, мінсіз сұлу. Мен ешқашан да бір жерге осыншама арудың жиналғанын көрген жок

едім. Заманында өзі де бізді естен тандырған, енді аналық байсал көріктегі бәйбішемізге айтып келдім: сен дұрыс байқапсың, қазіргі қазақ қыздары сұлу, бірақ Баянауыл қызы бәрінен де сұлу екен деп. Содан, уақыт оза келе, байқап қарасам, бар қазақтың қызы сұлу екен. Көшеде андайсың, әрқылды кездесулерге барасың, ел аралайсың, теледидардан көресің – қазақ қызының көркіне тіл жетпейді.

Мен тым көп болмаса да, біраз жер ақтап, біраз жүртты таныдым. Эйел сұлулығы – сирек құбылыс. Әсіреле Еуропада. Оның ішінде айрықша макталған Францияда. Арулық қайда, көпшілігі ажарсыз. Тіпті, түгел сұлу екен дейікші. Бірақ бұл – бөтен сұлулық. Қазаққа жат. Сол жат үлгі, жалған үлгінің насихаты біздің өз сұлулығымызды мансұқ етуге алып келді. Сұлулық туралы ғасырлар бойы қалыптасқан шынайы, ұлттық таным-үсінік тәрік етілді. Қолымыздағы қазынаның бағасын танымадық, қадірін кетіріп, қасиетінен айрылуға тақадық. “Итке темір не керек” дегендей, біздің сұлулық туралы ұғыммымыз ғана емес, ұлттық қазына төнірегіндегі барлық байыбымыз теріске айналды, қазаққа қатыстының бәрі жаман, жасық, орыс-орманға қатыстының бәрі асыл, артық болып шықты. Нәтижесінде ұлттың үйтқысына іріткі түсті. Ер-азамат жан серігін жат жүрттап іздей бастады. Сайтанның сары сапалағы сұлулықтың ғана емес, кісіліктің де үлгісі болып көрінуге айналды.

Араб, парсы эйелдерінің өзгеше көркі арғы замандардың өзінде аңыз болған. Сұлулық жыршысы, сырлы сезім күйшісі Хожа Хафиз сондай, ертегілік аруларды біле тұра: “Мен түріктің пәк сұлуын тәніріме теңер ем, – Бетіндегі бір меніне Самарқан мен Бұқараны берер ем!” – деп, елбір етілдің шалқыған гой. Сол ежелгі түріктің қара шаңырағы, тікелей ұрпағы – біз боламыз, сол сұлудың бүгінгі жалғасы – қазақ қызы болады.

Әлбетте, сұлулық туралы ұғымның заманына, ортасына қарай, өзгермелі сыпаты бар. Бірақ түбебейлі емес, сыртқы, қосалқы көрінісі, қосымша, үстеме рені ғана. Мәселен, бір кездегі қос өрім, ұзын шаш әртүрлі кесімдегі қысқа шашпен алмасты, қос етек, бес етек кейлектер күнделікті түрмиста ұзынды-қысқалы басқа бір үлгілерге ауысты. Косметика жайы да осы сияқты. Гашық Хафиз түріктің сұлуына “Опа, далап, бояусыз-ақ арусың...” дегенмен, әйелдің көркін айқындағы түсетін әрқылды амалдар барлық заманда да болған. Шығыста атаулы өсімдік нәрінен, кейбір жануарлар тәнінен алынып, өзгеше тәсілмен бабына келтірілген хош иісті жұпар, иісмайлар, әрқылды шөп, бұталардың сабак, тамырынан тұндырып алған ақ опа, қызыл далап – күнделікті түрмиста кеңінен қолданылса, мұның бәрі базарлы қатынас заманында біздің арғы әжелеріміздің де көніл хошына жат болмаған, сонымен қатар, күні кешеге дейін бой жетер мезгілге тақаған қазақ қызы денесін ақ биенің сүтімен сылаған, бетін, омырауын осы, жаңа алынған жылы саумалмен жуатын болған, ақ жүзіне шырай қосу үшін еңлікгүлдің тамырынан тартылған қызыл нәрді пайдаланған; яғни, бүгінгі жетілген косметика – өткеннің жалғасы. Әрине, мұның бәрі үстеме сыпаттар ғана. Табиғи түр-тұлға өзгермейді. Мәселе соны қалай қабылдап, қалай бағалауға байланысты.

Дәл осы жағы – сұлулықты бағалау, түйсіну – ұлттық таным, ұлттық ұғым, түсінікке тікелей қатысты. Әлбетте, адам баласына тән сұлулықтың ортақ ұлгісі жоқ емес. Әйел сұлулығының өлшемі – нәзік үйлесім, табиғи жарасым, келісті әсемдік. Көк көз, сары шаш сұлулар да, бұйра бас, қапқара сұлулар да болуы мүмкін, мүмкін емес, бар, көзben көргенде еріксіз мойындайсыз, мойындаған қоймайсыз, сұқтануының хақ. Бірақ бұл – қазақи сұлулық емес. Егер сіз шын қазақ болсаңыз, ең алдымен қазақи сұлулыққа табынуға тиіссіз. Қерікті болмаса да, келісті жар тандасаңыз, ең алдымен ұлтыңыздың ұлгісін тануының керек. Ауытқулар, аралас неке барлық уақытта да болған, бірақ халық – қасиетін, ұлт – ұлағатын сақтауы үшін мұнданай айнулар бөлшек, немесе бірнеше пайыздан аспауға тиіс. Ұлттың болашағын таза қазақы отбасы шешеді. Енде, ең алдымен қазақ әйелін пір тұтайық, ең алдымен қазақ әйелінің сұлулығын танып, бағалай білейік.

Қазақ қызы – бидай өнді, дөнгелек жүзді. Қара көз. Қара шаш. Қыр мұрын. Қалам қас. Оймақ ауыз...

Әлбетте, бұл ортақ бір пішім. Бажайласақ, реңдік өзгешеліктер біршама. Аққұба болады, қараторы болады, аксары болады, бірақ шикіл сары емес, шабдар емес. Пісте мұрын болады, тәмпіш мұрын болады, құсмұрын да, кездеседі, бірақ қонқақ емес, істік мұрын емес. Қара көздің өзі сан қылы, көкшілі, тіпті, жасылы болады, бірақ шүнірек емес, томпақ емес, тым киық та емес. Қиғаш қастар да, жирен шаштар да табиғи көрінеді. Осының бәрі әдемі, бәрі жарасымды – өйткені қазақ деген үлкен елге хас, жинақтап келгенде, ұлттық рен, ортақ сыпат аясынан табылатын белгілер. Бір тұқымға тән, тұрақты, қалыпты бейне; ішінара өзгешеліктер нәсілдік емес, жекелік сипатта. Қайткенде де, қазақ екені жазбай танылады.

Арыдағы қазақтың тұр-тұлғасы қазіргіден мұлде басқаша болған деген теріс түсінік бар. Алтайдағы, ежелгі ғұн-турік заманының қаншама қазынасы сақталған Пазырық, Құдіргі, Бесшатыр қорымдарынан табылған, тобылғы тұтініне ыстап қатырған мумиялардың бүгінгі қазақтан айырым белгісі байқалмайды. Әрине, ұзақ тарих кешуі – жиырма, жиырма бес ғасыр орайында халықтың тұр-тұлғасы қаз-қалпында қалмайды, әйткенмен, осыншама заман, дәуірлер бойы іргелі елдігінен айрылмаған, саны мол болып, басқа бір нәсілмен жаппай қан аралас қойыртпаққа түспеген біздің жұрт өзінің ұлттық тұр-тұлғасын айқын сақтады. Әрине, ақ артық емес, қара кем емес деген сияқты, бізге тән құбақан түстің де артық іә кем сипаты жоқ, бәріміз де адам ұлымыз; десе де, тәнірі еншілеген тұр-сыпатымыз сақталғаны ләзім, өйткені, түрі бөлек ұрпақтың тілек-мұраты да басқа болады, бір халық жер бетінен өшіп, оның орнын бөтен бір халық басты деп білініз.

Советтер билігі заманында аралас некенің айрықша насихатталуы – орыстандыру саясатының көрнекі ұлгісі болатын. Аралас неке адамзат тарихында ежелден келе жатқан құбылыс, алдағы уақытта да ұшыраса бермек, кейде мұның қан жаңартуға да пайдасы бар, XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудың “Қатының болсын қалмақтан!” – деп насихат айтуы

тегін емес, бірақ ол кезде қалмақ қызы – асса екі әйелдің бірі ғана, шабындыдан келеді, жаппай, қаурыт өсім үшін қажет болды, соның өзінде осы Көмекей-әулиенің “Қонысың болсын қазақтан!” – деп ескерткені бар, ұлттық ұйығынды, дәстүр, тегінді сакта деген сөз, ал біз қоныстан тықсырылдық, тілде жартыкеш жағдайға көштік, байырғы салт-дәстүрлер көмескіленді, қазақ шаңырағы ұлттық кейіпнен айрыла бастады. Сондықтан халқымыздың дамуының жаңа бір тарихи белесі, ұлттық мемлекеттің жаңғырып, қайта қалыптасуы кезеңінде: “Қатының болсын қазақтан!” деп ұрандауға тиіспіз.

Қазақ халқының болашағы бүгінгі қазақ әйелінің құрсағында шешіледі. Бағзыдан келе жатқан, айнымас шындық.

Қазақ әйелі – бар мұратын отбасының игілігіне байлаған, әлемдегі ең ізгі әйел.

Қазақ әйелі – бар тілегін перзентінің жолына арнаған, әлемдегі ең мейірбан әйел.

Қазақ әйелі – бар бақытын некелі ерінің талайынан күткен, әлемдегі ең адал әйел.

Ұлттың ұйтқысы.

Ұрпақтың Анасы.

Солай болған, солай бола беруге тиіс. Болмас қисыны жоқ. Неге десеніз, бұл әйелдің бойында сиқырлы, құтты, өзгеше қасиет бар, оның аты – Сұлулық: жан сұлулығы, тән сұлулығы...

Ол рас, әлемдегі ең Сұлу – Қазақ әйелі!

13.VIII.1999.